

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 10 қаңтар N 22. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1124 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 қарашадағы N 1465 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті (әрі қарай - Комитет) туралы ереже бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Комитеттің аумақтық органдары мемлекеттік мекемелері құрылсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 10 қаңтардағы

N 22 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті (бұдан әрі - Комитет) және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің құзыреті шегінде арнайы атқарушылық, бақылау және қадағалау функцияларын, сондай-ақ дәрі-дәрмек құралдары мен медициналық өнеркәсіп бұйымдарының айналымы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ведомствосы болып табылады.

Комитеттің аумақтық органдары бар.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері болады.

Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

Комитет, егер ол заңнамаға сәйкес осыған уәкілетті болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында міндетті күші бар Комитет төрағасының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

5. Комитеттің және оның аумақтық органдарының штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы: 473000, Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 66.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек қана республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Комитетке оның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәнінде арналған кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық кесімдермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген болса, онда мұндай қызметтен алынған кіріс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) дәрі-дәрмек құралдары айналымы, фармацевтика және медицина өнеркәсібінің жұмыс істеуі саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) халық пен емдеу-алдын алу ұйымдарын қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

3) фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі шараларды анықтау;

4) өз құзыреті шегінде дәрі-дәрмек құралдарының айналымы саласында

халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру болып табылады.

11. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады :

1) халықтың денсаулығын сақтау саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) халық пен медициналық ұйымдарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

3) дәрі-дәрмек құралдары айналымы, фармацевтика және медицина өнеркәсібі саласындағы тұжырымдамаларды, фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту стратегияларын, мемлекеттік және өзге де бағдарламаларды, даму жоспарларын әзірлеу, сондай-ақ нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеуге қатысу, өз құзыреті шегінде оларды іске асыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру және олардың орындалуын бақылау;

4) дәрі-дәрмек құралдары айналымы саласында мониторинг ұйымдастыру;

5) негізгі (өмірлік маңызды) дәрі-дәрмек құралдарының тізбесін анықтауға қатысу ;

6) емдеу препараттарының бөлшек саудасын жүзеге асыратын дәріхана ұйымдарында болуы үшін міндетті олардың қажетті минимумын анықтау;

7) есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органымен көрсетілген заттар айналымы ережесінің сақталуына бақылау жүргізу ;

8) алкоголь өнімдерінің айналымына бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органымен этил спиртін құрайтын дәрі-дәрмек құралдардың айналымына бақылау жүргізу;

9) Қазақстан Республикасының аумағындағы ұйымдар шығаратын медициналық мақсаттағы жаңа бұйымдар мен техниканы техникалық сынақтардан өткізуге бақылауды жүзеге асыру;

10) дәрі-дәрмек құралдарының қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын бақылау;

11) шығарылатын фармацевтикалық және медициналық өнімдердің сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

12) дәрі-дәрмек құралдарының айналымы саласындағы дәріханалық, өндірістік және басқа да практикалардың халықаралық стандарттарын енгізу;

13) отандық және импортталатын дәрі-дәрмек құралдарының қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

14) заңды және жеке тұлғалардың фармацевтикалық қызметін бақылау;

15) отандық және импортталатын дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу;

- 16) дәрі-дәрмек құралдарының Мемлекеттік тізілімін жүргізу;
- 17) дәрі-дәрмек құралдарының фармакологиялық ықпалы мониторингін ұйымдастыру;
- 18) дәрі-дәрмек құралдарының клиникаға дейінгі, клиникалық және зертханалық сынақтары жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;
- 19) дәрі дәрмек құралдарына арналған нормативтік құжаттарды (фармакопиялық баптардың (ФБ), уақытша фармакопиялық баптардың (УФБ), өндірушінің фармакопиялық баптарының (ӨФБ) жобаларын) әзірлеуге қатысу, дәрі-дәрмек құралдарына өндірістің технологиялық регламенттерін келісу;
- 20) өз құзыреті шегінде дәрі-дәрмек құралдарының сапасын бақылау жөніндегі нұсқаулықтарды, әдістемелік нұсқауларды бекіту;
- 21) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопиясын дайындау және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне бекітуге ұсыну;
- 22) дәрі-дәрмек құралдарын тіркеуді жүзеге асыру және медицина практикасында қолдануға рұқсаттар беру, дәрі-дәрмек құралдарының жарнамасына рұқсаттар беру;
- 23) дәрі-дәрмек құралдарын қамтамасыз ету, олардың бағасын қалыптастыру, рыноктағы өнімдердің түр-түрі мен көлемі, сапасы, мақсаты және пайдалану ұтымдылығы мәселелері бойынша мониторингті және социологиялық зерттеулерді ұйымдастыру;
- 24) дәрі-дәрмек құралдарының қол жетімділігін, қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын қамтамасыз ету мәселелері бойынша дәріхана, фармацевтикалық және медициналық ұйымдарда жұмыс істейтін мамандар үшін семинарлар ұйымдастыру;
- 25) оған заңнамамен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.
12. Негізгі міндеттерді іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру мақсатында Комитеттің өз құзыреті шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен:
- 1) Комитеттің құзыретіне жататын мәселелер жөнінде нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеуге;
- 2) дәрі-дәрмек құралдары мен медицина техникасына салық салу мен баға қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізуге;
- 3) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдар мен лауазымды адамдардан қажетті ақпарат сұратуға және алуға;
- 4) фармацевтикалық қызметке, дәрі-дәрмек құралдарының қауіпсіздігі мен сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;
- 5) дәрі-дәрмек құралдары мен медицина техникасының тиімділігін, қауіпсіздігі мен сапасына сараптама жүргізуге;
- 6) азаматтардың денсаулығын сақтау ісіндегі айрықша еңбегі үшін медицина қызметкерлерін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің

құрмет грамотасымен марапаттауға ұсынуға;

7) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар мен халықаралық симпозиумдар өткізуге;

8) Комитеттің жанынан консультативтік-кеңесші органдар құруға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен оған билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке мүлікке билік ету құқығы берілген жағдайда, ол заңнамада белгіленген шекте мүлікке билік етеді.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Комитет төрағасының орынбасары болады. Төрағаның орынбасарын Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

17. Комитет төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы және өз функцияларының жүзеге асырылуы үшін дербес жауапкершілік жүктейді.

18. Осы мақсаттарда Комитеттің төрағасы:

1) Комитеттің төрағасы орынбасарының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін анықтайды;

2) заңнамаға сәйкес Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлерін ынталандыру, оларға материалдық көмек көрсету және тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

4) бұйрықтарға қол қояды;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Комитетті білдіреді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

19. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 10 қаңтардағы

N 22 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің құрылатын аумақтық органдарының тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің Ақмола облыстық фармацевтикалық бақылау басқармасы.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің Ақтөбе облыстық фармацевтикалық бақылау басқармасы.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің Алматы облыстық фармацевтикалық бақылау басқармасы.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің Шығыс Қазақстан облыстық фармацевтикалық бақылау басқармасы.

5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің Жамбыл облыстық фармацевтикалық бақылау басқармасы.

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің Қарағанды облыстық фармацевтикалық бақылау басқармасы.

7. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің Қостанай облыстық фармацевтикалық бақылау басқармасы.

8. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің Павлодар облыстық фармацевтикалық бақылау басқармасы.

9. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық фармацевтикалық бақылау басқармасы.

10. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық фармацевтикалық бақылау басқармасы.

11. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі фармация,

фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің Астана қалалық фармацевтикалық бақылау басқармасы.

12. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің Алматы қалалық фармацевтикалық бақылау басқармасы.

13. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің Атырау облыстық фармацевтикалық бақылау бөлімі.

14. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің Батыс Қазақстан облыстық фармацевтикалық бақылау бөлімі.

15. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің Қызылорда облыстық фармацевтикалық бақылау бөлімі.

16. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің Маңғыстау облыстық фармацевтикалық бақылау бөлімі.